

«ТЕХОЛ ЗАУЫТЫ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІРІ ЖЕКЕ ВАГОН ҚҰРАСТЫРУ ЖОБАЛАРЫНЫҢ БІРІ. КӘСІПОРЫННЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚУАТЫ 2027 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ЖЫЛЫНА 8 000 ЖҮК ВАГОНЫН ҚҰРАЙДЫ. ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ЗАУЫТТА АШЫҚ ВАГОНДАР, ПЛАТФОРМАЛАР ЖӘНЕ ЦИСТЕРНАЛАР ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН САПА СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ҚҰРАСТЫРЫЛУДА. АУҚЫМДЫ ӨНДІРІСТІК ЖОБАНЫҢ ІСКЕ ҚОСЫЛУЫ – КӨЛІК САЛАСЫ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗҒА ИЕ. ТЕХОЛ КОМПАНИЯСЫ ОТАНДЫҚ ВАГОН ҚҰРАСТЫРУ САЛАСЫН ДАМУЫДА ЖҮЙЕЛІ ТӘСІЛДІ КӨРСЕТІП ОТЫР».

Жәнібек ТАЙЖАНОВ,  
ҚР Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі  
комитетінің төрағасы



№50 (3089)  
01/07/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТАБЫСҚА ТОЛЫ ТӨРТ ЖЫЛ

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы үшін соңғы төрт жыл табысқа толы болды деп айта аламыз: талай рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізіліп, инфрақұрылым жаңғыртылды; ұлттық теміржол операторы халықаралық аренадағы позициясын нығайтты; өндірістік және қаржылық көрсеткіштер өсіп, ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асырылды; сала цифрлық трансформацияның дамуымен ерекшеленді.**

 **Ұлан ОРАЗ,**  
Астана

Кеше, 30 маусым күні Мемлекет басшысының Жарлығымен соңғы төрт жылда ҚТЖ компаниясын басқарған Нұрлан Сауранбаев Көлік министрі болып тағайындалды. Үкімет басшысы Олжас Бектенов министрлікке ведомствоның жаңа басшысын таныстырып, Нұрлан Ермеқұлының көлік саласындағы тәжірибесін атап өтті.

Еліміздегі ең ірі көлік-логистикалық компания тізгінін төрт жыл бойы ұстаған Нұрлан Сауранбаевтың тұсында ҚТЖ қол жеткізген жетістіктерге тоқталар болсақ, осы аралықта жүк тасымалының тұрақты өсуі қаржылық нәтижелерге әсер етті. 2024 жылы компанияның кірісі 2,2 триллион теңгеге жетіп, 2020 жылғы көрсеткіштен екі есе артты. 2025 жылы болжамды кіріс - 2,7 триллион теңге. Таза пайда 9 еседен астам — 16 миллиардтан 158 миллиард теңгеге дейін өсті. Жалақы қоры 286-дан 662 миллиард теңгеге дейін өсті. Ұлттық компания тұрақтылығын сақтап, Moody's, Fitch және S&P халықаралық агенттіктерінен оң рейтинг алды.

Пайдалану жүк айналымы 236 млрд тонна-км-ден 272 млрд тонна-км-ге дейін ұлғайды. Қытайдан контейнерлік пойыздардың ТХКБ бойынша тасымалы 2023

жылға қарай 33 есе өсті. Қытаймен тасымалдау көлемі тарихи ең жоғары деңгейге – 32 миллион тоннаға жетті. Төрт жыл ішінде 424 жаңа локомотив пен 369 жолаушылар вагоны сатып алынды. 2030 жылға дейін 557 заманауи құрамды жеткізу жоспарымен «Штадлер Қазақстан» отандық зауытында жаңа жолаушылар вагондарының өндірісі іске қосылды. Бұл ұлттық тасымалдаушының вагон паркін 2030 жылға дейін толық жаңартуға мүмкіндік береді. 125 теміржол вокзалын жаңғырту басталды. Жолдарды жоспарлы жөндеу көлемі екі есеге ұлғайтылды: жыл сайын 1400 км астам жол жөнделуде, 2029 жылға дейін 11 мың шақырым теміржол жаңартылады.

2027 жылға дейін барлығы 5 мың шақырым теміржол салынып, жаңғыртылады. Бүгінде Достық – Мойынты учаскесінде екінші жолдардың құрылысы аяқталды, бұл бағыттың өткізу қабілетін бес есеге арттырады. Сондай-ақ, Алматыны айналып өтетін темір жол салынып, Дарбаза – Мақтаарал, Бақты – Аягөз, Мойынты – Қызылжар желісі салынуда, Алтынкөл – Жетіген учаскесі жаңғыртылуда.

Компания негізгі халықаралық маршруттарға қатысуын күшейтті. Қытайдың Сиань құрғақ портында терминал салынды. Ақтау мен Алматыда контейнерлік хабтар іске қосылды, Әзірбайжанның Алят портында, Ресейдің Селятино станциясында



және Беларусьтың Свислочь қаласында терминалдар құрылысы жалғасуда. Логистикалық желіні кеңейту транзит көлемін ұлғайтуға және Қазақстанның Азия мен Еуропа арасындағы негізгі көлік дәлізі ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік берді.

PSA, Huawei және Wabtec сияқты жаһандық компаниялармен серіктестікте процестерді цифрландыру және тасымалдау қауіпсіздігін жақсарту бойынша бастамалар бастау алды. Бұл IT шешімдерін енгізуді, автоматтандыруды және цифрлық инфрақұрылымды дамытуды қамтиды.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

### В ПРИОРИТЕТНОМ НАПРАВЛЕНИИ



В столице Польши прошло очередное заседание Рабочей группы по развитию Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ).

В ходе встречи подведены итоги работы за январь-май 2025 года. Отмечен устойчивый рост объемов перевозок по маршруту, а также положительная динамика выполнения годового плана.

Исполняющий обязанности председателя правления Актауского морского порта Даурен Құтпанбаев также принял участие в заседании Рабочей группы по развитию Транскаспийского международного транспортного маршрута.

По его словам, главная цель заседания – обсудить текущие задачи и выработать согласованные решения по дальнейшему развитию ТМТМ как одного из приоритетных направлений транспортной логистики между Европой и Азией.

Кроме того, участники рассмотрели обеспечение стабильной загрузки линейных судов. Отмечено, Актауский морской порт продолжает активно участвовать в международных инициативах и вносить свой вклад в развитие устойчивой и эффективной транспортной системы на евразийском направлении.

В целом, по итогам заседания, участники рассмотрели и согласовали проекты ключевых соглашений, направленных на углубление сотрудничества в рамках ТМТМ. Особое внимание было уделено мерам по цифровизации логистических процессов, обеспечению стабильной навигации в Каспийском море и увеличению контейнерных перевозок.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

## Инфраструктура

### ҚТЖ МОДЕРНИЗИРУЕТ КЛЮЧЕВЫЕ УЧАСТКИ ТРАНСКАЗАХСТАНСКОГО КОРИДОРА

**АО «НК «Қазақстан темір жолы» ведет масштабную модернизацию железнодорожной инфраструктуры на стратегически важных направлениях в рамках реализации поручений Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева по ускоренному развитию Трансказахстанского железнодорожного коридора.**

 **Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

Работы развернуты на участке Алтынкөл – Жетыген протяженностью 293 км. Также внедряется система автоматической блокировки на участках Кызылжар – Сақсаульская (712 км), Кандыағаш – Тобол (653 км) и Аксу-1 – Жана-Семей (352 км).

За короткое время была организована мобилизация 230 единиц техники и 363 работников. Параллельно с внедрением современных систем управления движением ведётся строительство новых развязок и развитие путевого хозяйства на ряде действующих станций.

На сегодняшний день уже отсыпано свыше 1 миллиона кубиче-

ских метров земляного полотна под будущие развязки – это составляет 30% от общего объема. Земляные работы завершены на 10 из 48 запланированных раздельных пунктов.

Началась укладка верхнего строения пути. Первый стрелочный перевод установлен на станции Май участка Аксу – Жана-Семей. На станции Нурлы (участок Алтын-



көл – Жетыген) ведётся укладка рельсошпальной решётки.

Также на участке Алтынкөл – Жетыген активно проводится реконструкция водопропускных сооружений. Работы ведутся одновременно на 15 объектах, три из которых уже полностью завершены.

Реализация проектов позволит существенно увеличить пропускную способность сети, повысить надёжность и эффективность перевозочного процесса, а также укрепить транзитный потенциал Казахстана.

*Фото автора*

## ДЕТИ ЗНАКОМЯТСЯ СО СТРАНОЙ И ПРОФЕССИЯМИ

**В столице стартовал VII сезон уникального образовательного проекта для школьников «Туған елге саяхат».**



В этом году в нем примут участие около 400 детей из всех регионов Казахстана – дети сотрудников предприятий группы компаний «Samruk-Kazyna» и школьники, отобранные на основании успеваемости и профессиональной диагностики.

Проект реализуется Корпоративным фондом «Samruk-Kazyna Trust» совместно с Национальной комиссией по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан при поддержке группы компаний «Самрук-Қазына».

Формат лагеря представляет собой путешествие на специально оборудованном поезде по пяти ключевым городам Казахстана – Аста-

не, Экибастузу, Балхашу, Туркестану и Алматы. Это не просто поездка, а комплексная профориентационная программа, в которой АО «НК «Қазақстан темір жолы» играет ключевую роль. В столице ребята посетили производственные базы АО «НК «ҚТЖ», где познакомились с работой железнодорожной отрасли, особенностями логистики, вопросами безопасности перевозок и внедрением цифровых решений. Участники смогли увидеть изнутри работу крупнейшей транспортной компании страны и проявили интерес к возможностям связать с ней своё профессиональное будущее.

Кроме того, ребята исследуют работу ГРЭС в Экиба-

студе, посетят авиазавод Air Astana в Алматы, а также изучат туристический и исторический потенциал Балхаша и Туркестана. Они узнают о рабочих профессиях, современных технологиях и возможностях в ключевых отраслях экономики.

Один из участников, Айбар Аскар из Алматы, отметил, что особенно ждёт занятий по робототехнике, так как давно увлекается этой темой.

– Здесь будут обучать робототехнике. Я очень благодарен за это, потому что в Алматы я посещаю много кружков, и один из них – робототехника. Здесь я могу получить опыт и участвовать в соревнованиях по этой области, – поделился Айбар Аскар.

По итогам поездки школьники получат индивидуальные рекомендации по профориентации, которые будут направлены родителям и школам.

Первая смена проходит с 24 июня по 4 июля, вторая – с 24 июля по 3 августа.

*Айлин БАУРЖАН, Астана  
Фото автора*



ЖҮМЫСШЫ  
МАМАНДЫҚТАР  
ЖЫЛЫ

**ҚТЖ-да «Мамандықтар көшбасшылары» корпоративтік даму бағдарламасы бойынша оқытудың бірінші модулінің ашылуы өтті. Оған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС директорының корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары Марал Марасилов қатысып, сөз сөйледі.**

## 100 МАМАН ІРІКТЕЛДІ



2022–2024 жылдары компания өндірістік қауіпсіздікті және жеке іскерлік қасиеттерді арттыруға бағытталған корпоративтік бағдарлама бойынша өңірлік және желілік деңгейдегі 700-ге жуық қызметкерді оқытты. Олардың арасынан анағұрлым белсенді мамандар, яғни шеберлер, нұсқаушылар, бас инженерлер мен қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі ревизорлар, вагон шаруашылығындағы ТҚКҚ, ЭЧ, ПЧ, ШЧ мекемелерінің бастықтарын қосқанда ең үздік деген 100 маман іріктеліп алынды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің HR-бизнес серіктесі Алма Сәулебаеваның

айтуынша, «Мамандықтар көшбасшылары» пулын құру қызметкерлерді ынталандыру және еңбек тиімділігін арттыруға бағытталған. Жоба басқару ой қабілетін, көңіл-күй икемділігін және төтенше жағдайдағы мәселелерді шешуде командалық өзара іс-қимыл машықтарын дамытуға және жаңа технологияларды енгізуге бағытталған. Модуль шенбүрте қауіпсіздік департаментінің мамандары қатысушыларды мәселелерді жүйелі талдауға, операциялық қауіпсіздік саласында шешімдер қабылдауға үйретеді.

– Жоба арқылы саланы дамытуға қабілетті көшбасшылардың кадрлық резерві қалыптастырылады. Іріктеу

кезеңі өте қатал түрде өтті, әрбір үміткердің деңгейі, еңбегі жіті тексеріліп, қаралды. Тест тапсырды, әңгімелесу кезеңінен өтті, дауысқа салынды. Бұл дегеніңіз қазір мұнда компанияның өндірістік саладағы ең бір мықтылары жиналып отыр деген сөз. Біз оларды өз ішімізде әзілдеп «спецназ» деп атаймыз. Олар нағыз өз ісінің кәсіби мамандары. Қандай қауіпті жағдай туындаса да, біз осы мамандарды жұмылдырып, өзекті мәселенің шешімін табуға тартамыз. Оларды оқытуға ішкі және сырттан елге және шетелдерде сұранысқа ие тренинг жаттықтырушыларды шақырттық, – деді Алма Сәулебаева.

Персоналды дамыту – компанияның тұрақтылығы мен бәсекеске қабілеттілігіне салынған инвестиция. Оқу нәтижесінде үздік қатысушылар серіктес-компанияларда тағылымдамадан өтіп, MBA, Mini MBA және магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша оқытылады.

*Райхан РАХМЕТОВА, Астана  
Суретті түсірген  
Александр ЖАБЧУК*

СОВРЕМЕННЫЕ УСЛОВИЯ ТРЕБУЮТ ОТ ЛОКОМОТИВНЫХ БРИГАД НЕ ТОЛЬКО ВЫСОКОЙ КВАЛИФИКАЦИИ, НО И ПРЕДЕЛЬНОЙ КОНЦЕНТРАЦИИ, УСТОЙЧИВОСТИ К СТРЕССУ, БЫСТРОЙ РЕАКЦИИ И ФИЗИЧЕСКОЙ ВЫНОСЛИВОСТИ. УВЕЛИЧЕНИЕ СКОРОСТЕЙ ДВИЖЕНИЯ, ПЛОТНЫЙ ГРАФИК, КОРОТКИЕ ИНТЕРВАЛЫ МЕЖДУ ПОЕЗДАМИ – ВСЁ ЭТО УСИЛИВАЕТ НАГРУЗКУ НА ПЕРСОНАЛ

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА ГОДА ЧЕРЕЗ ХОРГОС ПРОСЛЕДОВАЛО

**4 476**

ГРУЗОВЫХ ПОЕЗДОВ  
В НАПРАВЛЕНИИ КИТАЙ –  
ЕВРОПА/ЦЕНТРАЛЬНАЯ  
АЗИЯ.

В РАМКАХ ВЕСЕННЕГО  
КОМИССИОННОГО  
ОСМОТРА ПРОШЛИ  
ПРОВЕРКУ

**1 546**

ЕДИНИЦ ЛОКОМОТИВОВ  
АО «НК «ҚТЖ».

НА СЕГОДНЯШНИЙ  
ДЕНЬ В ПОЕЗДАХ  
НАЦИОНАЛЬНОГО  
ПЕРЕВОЗЧИКА  
УСТАНОВЛЕНО

**4 000**

КАМЕР.



## СЕМЕЙ СТАНЦИЯСЫ ҮЗДІК АТАНДЫ

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей



АЙМАҚ

Жуырда Семей станциясында бөлімше басшысы Алмас Сейсемқановтың төрағалығымен арнайы жиын болып өтті. Басқосу барысында бірқатар өзекті мәселелер сарапқа түсіп, кеңінен талқыланды.



Атап айтсақ, көктемгі комиссиялық бақылау қорытындысы, ұжымдық шарт аясындағы атқарылып жатқан іс-шаралар кеңінен сөз болды, кәсіподақ ұйымының өткен жылғы жұмыс қорытындысы бойынша есеп тыңдалды.

Бөлімше басшылығы теміржолшылармен қазіргі таңдағы жұмыс барысы туралы еркін пікір алмасып, қызметкерлердің көкейтесті мәселелерін тыңдады. Станция қызметкерлері өзекті сауалдарын қойып тұшымды жауап та алды.

Бөлімше басшысы Алмас Ғылымұлы өз сөзінде Семей станциясының өткен көктемгі комиссиялық бақылау қорытындысы бойынша желі бойындағы барлық мекемелер арасында үздік атанғанын жеткізді. Атап айтсақ, нормативтік-техникалық құжаттарды рәсімдеу, жылжымалы құрамдар мен құрылғыларға күтім жасау нормаларын сақтау, өткен бес айдың ішінде еңбек және қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын орындауда, сондай-ақ жалпыреспубликалық «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында сенбілік жұмыстарын жүргізуде алдыңғы орыннан табылды.

Бөлімше директоры Алмас Ғылымұлы Семей станциясының басшысы Болат Өтегеновке ұжымға арналған Құрмет грамотасын салтанатты түрде табыс етті. Сонымен қатар, станция басындағы жеті қосынға және ас ішу бөлмесіне теміржолшылар игілігі үшін арнайы тұрмыстық жабдықтарды сыйға берді.

*Суретті түсірген автор*

## ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ АРНАЛДЫ

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Астана



СЕМИНАР

Ақмола өңірінде «Объектілерді өрттен қорғау және өрт қауіптілігін талдаудың заманауи әдістері» тақырыбында Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет (МӨҚҚ) қызметкерлеріне арналған семинар өтті.

Семинар барысында «Объектілерді өртке қарсы қорғау жүйелерімен қамтамасыз етудің нормативтік базасы», «Ақмола жол бөлімшесінде төтенше жағдайларды жою үшін өрт сөндіру пойыздарының жауынгерлік әзірлігін қамтамасыз ету», «Қауіпті жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік шаралары», «Семей қаласындағы НОД-ГП шекарасындағы объектілердің өрт қауіпін бағалау критерийлері», «Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет мамандарын даярлау» тақырыптары егжей-тегжейлі баяндалып, қатысушылар назарына мол мағлұматтар ұсынылды.

Семинарға қатысушылар да, баяндамашылар да бұл іс-шараның ТЖҚ қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы уәкілетті орган мен темір жол көлігі ұйымдарының тығыз өзара іс-қимылы мәселелерінде маңызды зор екенін атап өтіп, семинардың ұйымдастырылуына жоғары баға берді.

## Хабарландыру

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ қызметтің жариялылығын, транспаренттілігін сақтау, сондай-ақ тұтынушылармен мүдделер теңгерімін сақтау мақсатында 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында табиғи монополия саласына жататын реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша қызмет туралы қызметтерді тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында тыңдау өткізуге ниетті.

Бұл тыңдауда қызметтің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы, ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі, қызмет тұтынушылармен жүргізілген жұмыс, бекітілген тарифтік сметаның бап бойынша орындалуы, қызметтің перспективалары мен көрсетілетін қызметтердің сапасы туралы ақпарат жарияланады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ келесі қызметтер бойынша Мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілді:

- магистральдық теміржол желісі;
- кірме жолдар;
- электр энергиясын беру бойынша.

Өткізу күні: 2025 жылғы 25 шілде сағат 15.00-де: Астана қаласы, Қонаев көшесі, 6 (Б блогы, 16 қабат, кеңес залы) мекенжайы бойынша, оның ішінде онлайн-трансляцияны ұйымдастырумен.

Бұдан басқа, қоғамдық тыңдауға қатысуға өтінімдер 2025 жылғы 24 шілде сағат 15.00-ге дейін 60-37-17, 60-37-18 Байланыс телефондары немесе электрондық пошта арқылы қабылданатынын хабарлаймыз Myrzalieva\_A@railways.kz»

## АСАРМЕН БІТКЕН АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС

Шымкенттік жолшылар ежелден келе жатқан тиімді әдістің арқасында біраз шаруаның басын қайырды. Арыс-1 станциясында асар әдісімен ауқымды жұмыс атқарылып, екі күнде 400 астам ағаш шпал темір-бетонға алмастырылды.


**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**  
Арыс

Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің директоры Алғазы Қойлыбаев бекіткен жоспарға сай қолға алынған жұмысқа Арыс жол дистанциясының барлық айналымдағы бригадалары, жол жөндеушілер түгел қатысты. Екі күнге жоспарланған жұмысқа 130-дан астам жолшы жұмылдырылып, тозығы жеткен ағаш шпалдардың орнына кәсіпорын балансында тұрған темір-бетон шпалдар төселіп, рельс пен шпалдың беріктігін қатыруда КБ бекітпесі қолданылған.

Мамандардың түсіндіруінше, бұл жоба көктемгі тексеріс нәтижесінде анықталған кемшілікті жою мақсатында және станцияшілік жолдардың жағдайын жақсарту мақсатында іске асырылған.

Дистанцияның бас инженері

Думан Асылханұлының айтуынша, жұмыс басталмас бұрын нақты жоспар құрылып, тыңғылықты



дайындық жұмыстары жүргізілген. Материалдық-техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуден бөлек, жұмыс кестесі түзіліп, әр топқа бөлініп берілген. Жұмыс барысында станция паркіндегі №4 пен №64 жол аралығында жолдардан бөлек, 4 бағыттағыш бұрмалар аралығындағы шпалдардың кейбірі жаңартылды.

– Бас-аяғы 400 шпал ауыстырылған болса, оның ішінде ең көбі №64 жолда – 56 шпал, ал №4 пен

№52 жолдың әрбірінде 26 шпалдан ауыстырылды. Сол сияқты №160 пен №144 бағыттағыш бұрма аралығына 30 темір-бетон шпал төселді. Бұл жерде өрине жұмыс көлеміне қарай жұмысшы саны да бөлінгендігін ескеру керек. Мәселен, ең көп шпал ауысқан №64 жолда 19 жолшы жұмыс істеді, – дейді асарлатып істелген ауқымды жұмыстың басы-қасында жүрген ПЧ-54 мекемесінің бастығы Ғалымжан Ғазезұлы.

Екі күнге жалғасқан ауқымды жұмыс толаскез санатына жатпайды. Тек, станция паркінде тұрған вагондарды реттеп, жөндеулі тиіс жолдарды ашу арқылы жүзеге асырылған. Сондықтан да, пойыз қозғалысы мен жүріп-тұруына ешқандай кедергі келмеген. Айрықша атап өтерлігі сол, мұнда біртіндеп ауыстыру әдісі қолданылған. Яғни, әрбір 4-ші ағаш шпал алынып, орнына темір-бетон шпал салынған.

Жолшылардың ауқымды жобаны жүзеге асыруына «Қазкөліккәсіп» ҚБ Шымкент филиалы ұжымы да қол ұшын созып, көмек көрсетті. Олар аймақтардан келіп жұмыс істеп жатқан жұмысшыларға ас-су жеткізіп беріп жағдайын жасады. Дистанция бастығының орынбасары Икрам Еркінбекұлының айтуынша, аптап ыстыққа қарамай екі тәулік бойы еңбек еткен жолшыларға арнап 30 келі палау әзірленіп, 150 литр салқын сусын ұсынылған.

*Суретті түсірген автор*

## ҚЫЗМЕТТІК КӨЛІКТІҢ ИГІЛІГІН КӨРУДЕ



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Маңғыстау вагон депосында жұмысшыларды тасымалдайтын көліктің жоқтығы көптен басшылықтың «бас ауруы» болғаны рас. Бұрындыр жеке көлігі жоқтарға қаладан, басқа да жан жақтағы елдімекендерден Маңғыстау станциясында орналасқан депоға жұмысқа келу қиын болатын. Қазір бұл мәселе толық шешімін тапты деуге болады.

Наурыз айында алынған арнайы автобус жұмысшыларды үйінен жұмысқа, жұмыс орнынан үйіне тасымалдайды. Деполықтар үшін бұл қолайлы да тиімді болып отыр. Ақтау қаласында тұратын вагон қараушы-жөндеуші Ерлан Көрпеліев осындай мүмкіндік жасаған басшылыққа барлық әріптестері атынан алғысын

жеткізді. Бірнеше жылдан бері қала мен ауыл арасындағы қатынайтын қоғамдық көлікпен келіп-кетіп, қыстың суығы мен жаздың ыстығында жолда көлік күтіп, жаяу жүріп, автобустан автобұсқа ауысып мініп, жұмыс орнына үлкен қиындықпен жететін оның қазір бұрынғыдай көп уақыты жолға кетпейді. Таңмен тұрып, жұмысқа келу үшін үйдегі біраз шаруаны қалдыруына да тура келмейді.

– Қазір таңертең балаларыммен асықпай бірге таңғы ас ішемін. Ертелетіп тындыратын шаруалар болса, оны істеп тастауға да уақытым әбден жетеді. Содан соң үйдің қасына келетін автобұсқа асықпай шығамын. Сағат 8:30 болғанда жұмыс орнына келіп, медициналық тексеруден өтіп, тоғызда өз міндетіме кірісемін. Бұрын таңмен таласа тұрып,



бір-екі шақырым жаяу жүріп, қала мен ауыл аралық автобұсқа Басқұдық ауылынан отыратынмын. Сол жерден станцияға қарай келетінмін немесе қаланың бәрін аралайтын бір автобустан екіншісіне ауысып, оларды күтуге көп уақыт отырған КТЖ-ның саясатына дән ризамыз, алғысымыз шексіз, – дейді Маңғыстау вагон депосының ТҚКП вагон қараушы жөндеушісі Ерлан Көрпеліев.

Бұл автобус келгелі депода жұмыс істейтін талай вагоншылардың жұмысқа келіп кетуі жеңілдеп, соның нәтижесінде жұмыс өнімділігі де арта түскен.

*Суретті түсірген автор*

## ЖАЗДЫҢ ӘР КҮНІ ҚЫМБАТ

Ақтөбеде жол төсеміне күрделі жөндеу бойынша жазғы жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Жолшылар жаздың әр күнін тиімді пайдаланып қалуға күш салуда. Өңірде биыл 70 шақырымнан аса жол жөндеудің бұл түрінен өтеді.

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Жалпы, Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі алғашқы жартыжылдықты табысты қорытындылады. Жолдың жай-күйін жақсартуға бағытталған жұмыс жоспары 113%-ға орындалды. Бөлімше директорының орынбасары Темірғали Көштаев инфрақұрылымның күтімі мен жасалып жатқан жұмыстары жайында жан жақты ақпарат берді. Келтірілген деректерге сүйенсек, диагностикалық тексеру кезінде аймақта 78 шақырым жолдың жағдайы талапқа сай емес екені анықталған. 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш былтыр 128 км болған. Яғни жыл санап сапасы қанағаттанарлық жағдайдағы жол саны артып келеді.

Сондай ақ өткен жылдармен салыстырғанда ақаулар санының айтарлықтай төмендеуі байқалады. Атап айтсақ, 4-ші дәрежелі ақаулар 25 жағдайға, 81-ден 56-ға дейін қысқарып, 3-ші дәрежедегі ақау 1667-ден 970-ке дейін азайған.

Аймақтағы күрделі жөндеу жұмыстарына «Теміржол жөндеу» ЖШС мердігер ретінде тартылған. Жоспар бойынша биыл 72,551 км жол күрделі жөндеуден өтуге тиіс болса, бүгінде оның 29, 545 шақырымы аяқталды. Жоспарлы жұмыстың 41%-ы алғашқы жартыжылдықта орындалды.

Бөлімшеде күрделі жөндеу жұмыста-



ры бекітілген кестеге сайкес 15 сәуірден басталды. Сәуір-мамыр айында Қандыағаш аймағындағы жөндеу жұмыстары тиянақталды. Маусым айында кестеге сай Никельтау станциясы аймағындағы күрделі жөндеу жұмыстары жүрді.

«Теміржол инфрақұрылымындағы жөндеу, күрделі жөндеу жұмыстары жылда кешенді түрде жүргізілетіні белгілі. Биыл да бұл бағыттағы жұмыстар кестеге сай атқарылуда. Бұл жол сапасын жақсартып, жолаушы және жүк пойыздарының қозғалыс жылдамдығын арттырады. Бұдан бөлек, транзиттік дәліздердің өткізу қабілетіне тікелей әсер етіп, контейнерлік пойыздардың қозғалыс жылдамдығын ұлғайтады. Теміржолдың сапасын арттыру мақсатында күрделі жөндеуден басқа да жөндеу түрлері жүргізілуде», – деді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Темірғали Көштаев.

Бөлімше өкілінің мәліметінше, жолға күшейтілген орта жөндеу жүргізу жұмыстары шаруашылық тәсілмен қатар атқарылып жатыр. ПЧ-4, ПЧ-8, ПЧ-2, ПЧ-6, ПЧ-4 күшімен аумақтарда күшейтілген орташа жөндеу жүріп, балласт призмасы мен жер төсемі көтеріліп, нығайтылған. Темірбетон арқалықтары бар бағыттамалық бұрмаларды ауыстыру жоспары 106 жиынтықты құраған. Бұл жұмыстар Орал, Никельтау, Илеңк, Ақтөбе, Қандыағаш,

Біршоғыр, Шалқар станцияларында жүрген. Пойыздар жүрісі жайлы болу үшін рельстерді дөңкерлеу машинасы қолданылған. Бағыттамалық бұрмаларды ауыстыру жоспары 65 жиынтықты құрап, бүгінде 25 жиынтық бойынша жұмыстар аяқталыпты.


«Бөлімше бойынша барлығы 1392 жасанды құрылыстар бар. Биылғы жылы 307 жасанды құрылыста түрлі жөндеу, нығайту, бекіту жұмыстары орындалды. Көпірлерді, құбырларды, арықтар мен арналарға ағымдағы жөндеу, тазарту жұмыстары жүргізілді. Бөлімшеде биыл жалпы 218 көпір мен құбырды жөндеу, қалыпқа келтіру жоспарланған. Өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде ақаулар мен проблемалық учаскелер санын едәуір азайтуға мүмкіндік туды. Жабдық аралықтардың көбеюі жолдың нашарлауымен байланысты емес. Алдағы уақытта басталған жұмысты жалғастырып, әсіресе проблемалық учаскелерде калибрлі бақылауды күшейту жоспарлануда», – деді Көштаев.

Айтуынша, алда Біршоғырда Мұғалжар-Алабас аралығы, Алабас-Біршоғыр аралығы және Никельтауда Хромтау – Сарысай аралығы бойынша 5 жартасты ойықтарда бұрғылау-жару жұмыстары жоспарланып отыр екен. Бұл теміржол бойын кеңейтуге бағытталған жұмыстар, сонымен қатар қыста қар жиналмау үшін тиімді.

*Суретті түсірген автор*



## НАВИГАЦИОННЫЕ ПЛОМБЫ: ОСТАЛСЯ РЯД ВОПРОСОВ



АКТУАЛЬНО

Любовь РОВБА,  
Астана

В рамках начатого проекта планируется обработать взаимодействие национального оператора – ТОО «Институт космической техники и технологии» (ИКТТ) и таможенных органов, а также процедуру наложения и снятия навигационных пломб. В нем пока не участвуют грузоотправители, грузополучатели и операторы вагонов.

Навигационные пломбы навесили на 10 контейнеров: таможенный пост «Алтынколь жол» – таможенный пост «Астана» – 4 пломбы, таможенный пост «Алтынколь жол» – таможенный пост «Сарыагаш» – 6 пломб. Пилотное апробирование продлится до 15 августа. На этом этапе используются навигационные пломбы китайского производства.

Отечественные производители подобных устройств во время совещания попросили дополнительно рассмотреть, подходят ли их устройства для применения при отслеживании, подчеркнув, что национальный оператор не предъявляет технических требований к навигационным пломбам. НПП РК «Атамекен» ожидает письменный запрос от отечественных компаний по данному вопросу.

Представители Комитета железнодорожного и водного транспорта МТ РК уточнили, что только по результатам пилотного проекта станет понятно о необходимости внесения дополнений в подзаконные НПА о применении навигационных пломб. Но открытых вопросов еще немало. Так, ранее возникали споры о том,

как обеспечить доступ специалистам ИКТТ к местам погрузки и выгрузки на подъездных путях и повышенной опасности. Кто будет нести ответственность за их действие и бездействие. Так как навешивание и снятие пломб происходит только на таможенных пунктах.

Проблемным стал также вопрос ценообразования. 20 июня Институт космической техники и технологии провел публичные слушания цен на свои услуги. Представил обоснование стоимости услуг, включая калькуляцию затрат и сравнение проектных тарифов с тарифами других стран ЕАЭС. Несмотря на то что слушания начали проводить еще с прошлого года, сам процесс еще не до конца ясен, а у бизнеса и участников перевозочного процесса еще много вопросов.

В первую очередь они обеспокоены увеличением себестоимости экспортных перевозок и ростом финансовой нагрузки на предпринимателей в связи с применением пломб.

На прошедших онлайн-слушаниях генеральный директор Казахстанской ассоциации перевозчиков и операторов вагонов Салтанат Адамбаева отметила, что предлагаемые тарифы уже на стадии разработки представляются завышенными, к тому же сохраняется неопределенность относительно порядка навешивания пломб, мест их установки (например, на подъездных путях грузоотправителя или в других местах), а также механизмов контроля и ответственности за их сохранность.

Договориться во время слушаний стороны так и не смогли – ряд вопросов требует

дополнительной проработки и широкого профессионального обсуждения с привлечением всех заинтересованных сторон.

В ходе слушаний национальный оператор также представил информацию о работе информационной системы отслеживания перевозок «Транзит», которая позволит осуществлять контроль ввоза, вывоза и транзита товаров, а также обеспечит законность оборота товаров на внутреннем рынке ЕАЭС.

Это отечественная разработка. Она состоит из трех подсистем: информационного портала, центра обработки данных и навигационных пломб. ИКТТ провел апробацию эффективности системы в шести пилотных проектах для мониторинга грузов, перевозимых как железнодорожным, так и как автомобильным транспортом. Из них два – совместно с Россией, Беларусью и Кыргызстаном, остальные – внутренние.

Результаты пилотных проектов признаны успешными. Кроме того, подтверждена эффективность применения навигационных пломб при транзитных перевозках товаров и целесообразность их использования как одного из элементов создания Единой системы транзита товаров по таможенной территории ЕАЭС.

В 2024 году испытания функциональности ИС «Транзит» подтвердили бесперебойную работоспособность системы, а также соответствие навигационных пломб утвержденным требованиям.

Сама целесообразность применения навигационных пломб в ЕАЭС не вызывает вопросов. Но практика использования пломб внедряется в каждом государстве постепенно. При этом сроки поджимают. Реализовать принятое в 2023 году Соглашение о применении в ЕАЭС навигационных пломб для отслеживания перевозок страны-участницы должны были еще до 31 мая 2025 года.

К примеру, Россия и Беларусь применяют устройства с начала этого года. Министр по таможенному сотрудничеству Евразийской экономической комиссии Руслан Давыдов призвал остальных национальных операторов принять в ближайшее время необходимые меры для практической реализации соглашения.

## ЗА ЛУЧШУЮ ПОДГОТОВКУ К ЛЕТУ



Ольга УШАКОВА,  
Усть-Каменогорск



ИТОГИ

За качественную подготовку к летнему периоду работы, образцовое содержание своих хозяйств по итогам проведения весеннего комиссионного осмотра грамоты и ценные призы получили коллективы нескольких предприятий Оскеменского региона Семейского отделения грузовых перевозок.

Награды руководству станций Оскемен-1, Усть-Каменогорск, Оскеменского эксплуатационного вагонного депо – за ПТО станции Бухтарма, а также Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо вручили заместитель директора Семейского отделения грузовых перевозок Марат Уалиев и председатель первичной профсоюзной организации узла станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов.

– Мы решили, что подарки отличившимся коллективам должны быть полезными и улучшать условия труда работников, – отметил Берикхан Тлеужанов. – Поэтому в числе призов – термопототы, диспенсеры для воды.

Весенний комиссионный осмотр в Оскеменском регионе Семейского отделения грузовых перевозок в этом году проходил с 28 апреля по 6 мая.

## СТРОИТЬ, НО НЕ РАЗРУШАТЬ



Светлана МОГАЙ,  
Караганда



БЕЗОПАСНОСТЬ

В текущем году на железнодорожных участках Карагандинского региона возведено более 103 километров скотоизгороди.

Несмотря на регулярное проведение разъяснительных бесед работников ЛОП, акимата, железнодорожных структур с владельцами домашних животных в области по-прежнему происходят случаи наезда на скот. Как говорят в отделе пути Карагандинского отделения магистральной сети, на сегодняшний день эта тема считается одной из проблемных и актуальных. В связи с этим в текущем году был разработан план по строительству ограждения на 2025 год на перегонах и станциях.

– Так на участках Шокай-Мырза, Соқыр-Тегизжол, Мырза-Нура, Кокпекты-Ботакара и Саумалколь-Буркитты возведена скотоизгородь протяженностью шесть километров, на участке Кокпекты-Ботакара, Саумалколь-Буркитты – два километра. Кроме того, построены защиты от домашних животных и на участках Карамурын-Дария – три километра, Нилды-Жарык – 3,5 километра по нечетному пути, Жарык-Нилды – семь километров по четному пути, Босага-Ақшағыл-Киик – 10,9 километра по нечетному пути и по четному – 13 километров, – рассказывает начальник отдела пути НЖС-4 Адильхан Ибраев. – На участке Мынадыр-Жомарт – шесть километров, Кызылжар-Түйемойнак – 14 километров, Жомарт-Женис по правой и по левой стороне – 38 километров.


Стоит отметить, что ремонтные работы продолжаются и потребность в шпалах в июне составит 3 750 штук на 17 километров пути.

Еще одна проблема, которая наиболее остро стоит на повестке дня – это вандализм: зафиксированы случаи разрушения строений теми же владельцами скота, местными жителями, проживающими в населенных пунктах. Крадут проволоку, стойки и другие материалы. Зачастую люди не хотят обходить огороженные пути и разрушают конструкции.

В 2025 году согласно статье 559 Кодекса об административных правонарушениях Республики Казахстан, ужесточены штрафные санкции за нарушение правил проезда гужевых повозок (саней) и прогона животных через железнодорожные пути, а также выпас скота в полосе отвода железных дорог. Штраф составляет 5 МПТ, то есть 19660 тенге.



## ТЕОРИЯ ПОДКРЕПЛЯЕТСЯ ПРАКТИКОЙ



ОСМОТР

Анна ПАНИЩЕВА,  
Уральск

Как отметил начальник участка по безопасности движения станции Уральск службы безопасности движения филиала ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки»-«Актобинское отделение ГП» Чингиз Мурзагалиев (ДНЧУ-60), для улучшения качества проведения КМО, предупреждения появления неисправностей, обеспечения длительных сроков службы сооружений и устройств и содержания их в исправном состоянии, а также своевременного устранения обнаруженных поломок, необходимо своевременно и полно выявлять отступления от норм содержания технических средств и обустройств, определять и контролировать сроки их устранения, оценивать состояние технических средств на станции.

В процессе проведения КМО комиссия при необходимости ограничивает скорость движения поездов или закрывает движение в зависимости от технического состояния верхнего строения пути. При обнаружении неукрытия остриев рамных рельсов противощерстное движение по стрелочному переводу закрывается.

О сроках устранения неисправностей, выявленных при проведении комиссионного месячного осмотра, рассказал заместитель начальника 2-го производственного участ-

На станции Орал прошел ежеквартальный учебно-показательный комиссионный месячный осмотр, в котором приняли участие более 20 руководителей и специалистов подразделений филиала ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки»-«Актобинское отделение ГП» и Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону.

ка Уральской дистанции пути Берик Карин (ПЧУЗ-2). Он напомнил, что КМО на станции 1 класса проводятся по 10 число каждого месяца комиссией под председательством начальника станции в составе: директоров и заместителей директоров дистанции пути, сигнализации и связи, электроснабжения, эксплуатационных вагонных депо. Ведется контроль за ходом устранения в установленные сроки недостатков, выявленных при комиссионном месячном осмотре.

В ходе КМО был проведен практический показ на стрелке №46. ПЧУЗ-2 Берик Карин показал нормы и допуски содержания стрелочных переводов, содержание по уровню и шаблону, крепление соединительных переводных рабочих тяг, выкрашивание и угон остриев, вертикальный износ рамных рельсов, с применением средств измерений.

Замдиректора Уральской дистанции сигнализации и связи Мирлан Абайдуллин наглядно продемонстрировал внутреннее состояние электропривода с переводом стрелки с указанием допустимых норм, проверку надежности перевода централизованных стрелок курбелем на плавность хода остриев и другие важные процедуры обслуживания стрелочного перевода.


Подводя итоги, председатель комиссии – замдиректора филиала ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки»-«Актобинское отделение ГП» по



Уральскому региону Еркен Сахтанов отметил важность проведения учебно-показательных месячных осмотров с привлечением молодых специалистов, подчеркнув значимость показательных КМО для повышения уровня знаний в содержании технических средств, своевременного устранения неисправностей и их предупреждения, что вносит большой вклад в обеспечение безопасности движения и является основной задачей всех работников железнодорожного транспорта.

Фото автора

## ДОСТЫК, КАК СИМФОНИЯ ЖИЗНИ



ЮБИЛЕЙ

Елена КОЛДАСБАЕВА,  
Алматы

Основанная в 1990 году, станция Достык с первых дней своей работы играла ключевую роль в обеспечении стабильности грузоперевозок, связывая Казахстан с Китаем. За это время по обеим сторонам государственной границы сформировались современные станции со всей прилегающей инфраструктурой – Достык и Алашанькоу. Современный транспортный узел, где сочетаются традиции, опыт и инновации. Только за 5 месяцев текущего года, при плановом задании ОСЖД 114 230 вагонов, фактическое выполнение составило (сдано в КНР экспортных грузов) – 91 252 вагона или 80%. Что касается импорта, то за пять месяцев текущего года



при плановом задании ОСЖД 57 317 вагонов, фактическое выполнение составило (принято из КНР импортных грузов) 100 392 вагонов выполнения (сдано в Европу – 820, в Россию – 595, в Беларусь – 85, в Казахстан – 122. Тогда как в обратном направлении – 1 020 контейнерных поездов: из Европы – 175, из

к плану 112%.

Значительно увеличились контейнерные перевозки. Так с начала года проследовало 1 622 контейнерных поездов: в Европу – 820, в Россию – 595, в Беларусь – 85, в Казахстан – 122. Тогда как в обратном направлении – 1 020 контейнерных поездов: из Европы – 175, из

России – 508, из Беларуси – 291, из Казахстана – 45, из Латвии – 1.

Люди, пришедшие в 1990 году работать на станцию, стали настоящими первопроходцами. В сложных условиях, они вкладывали в общее дело не только знания и опыт, но и частичку своей души. Это начальник конторы передачи Галия Кошимбаева, товарный кассир Кулимхан Ербосынова, агенты по передаче грузов Вячеслав Васюк, Аскар Катанов, Куралай Битанова, регуляторщик скоростей движения Аскербек Белбаев, ведущий инженер Карлыгаш Ахметова, архивариус Анар Кабдешова, оператор при ДСП Латифа Даутова, инженер по разработке схем Махмуд Кумбаев, оператор тех. конторы Гульнара Темирбаева и многие другие.

– Достык – это не просто железнодорожный узел. Это особый ритм, своя мелодия и история. Вот уже 35 лет она звучит, словно симфония жизни, где каждая нота – это труд, движение, рост и человеческие судьбы, – говорит директор филиала ТОО «Грузовые перевозки» - «Станция Достык» Ергали Садыков.

Фото автора

## Объявление

АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» в целях соблюдения гласности, транспарентности деятельности, а также соблюдения баланса интересов с потребителями, намерено провести слушание перед потребителями услуг и иными заинтересованными лицами о деятельности по регулируемым услугам, относящимся к сфере естественной монополии за первое полугодие 2025 года.

На данном слушании будет освещена информация об основных финансово-экономических показателях деятельности, об исполнении утвержденной инвестиционной программы, об объемах предоставленных регулируемых услуг, о проведенной работе с потребителями услуг; о постатейном исполнении утвержденной тарифной сметы, о перспективах деятельности и качестве предоставляемых услуг.

АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» включено в республиканский раздел Государственного регистра по следующим услугам:

- магистральной железнодорожной сети;
- подъездных путей;
- по передаче электрической энергии.

Дата проведения: 25 июля 2025 года в 15.00 часов по адресу: город Астана, улица Кунаева, 6 (блок Б, 16 этаж, зал совещаний), в том числе с организацией онлайн-трансляции.

Кроме того, сообщаем, что заявки на участие в публичном слушании принимаются до 15.00 ч. 24 июля 2025 года по контактным телефонам 60-37-17, 60-37-18 или на электронную почту Myrzalieva\_A@railways.kz.



Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде № 601 тіркеу күәлігі берілді.